

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

С.Б.Касымова<sup>1\*</sup>, К.С.Мустафаев<sup>1</sup>, Б.К. Исаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қ., Қазақстан,

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан,  
Sanim\_81@list.ru

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімділігін қамтамасыз етудің мәселелері айрықша маңызды, себебі олар елдің азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне тікелей түрде әсер етеді. Қазақстанда мемлекеттік реттеудің әртүрлі шаралары пайдаланады, бірақ олардың көлемі саланың тиімді жұмыс істеуі үшін жеткіліксіз күйде. Белсенді түрде мемлекеттік қолдау тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды, аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті. Туындаған мәселелерді шешудің перспективалары республиканың аграрлық саласы бойынша іске асырылатын орта мерзімді, ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламалар аясында көрініс тапты. Агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін мемлекеттік жеңілдетілген субсидиялауға, несиелеуге айрықша назар аударылатын агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік деңгейде қолдаудың әдістері және нысандары талданды. Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инновациялық даму, кәсіпкерлік жүйесін кеңейту, саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру, тауар өндірушілердің қаржылық тұрақтылығы үшін қолайлы орта құру негізінде ішкі, сыртқы нарықтарда отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін елдің аграрлық секторының мемлекеттік деңгейде қолдау мен реттеудің маңыздылығы туралы қорытындылар жасалды. Аграрлық саясат мемлекеттің экономикалық саясатының бөлігі болып табылады, сондықтан саланы мемлекеттік қолдау экономиканың маңызды секторы болып табылады.

**Түйінді сөздер:** агроөнеркәсіптік кешен; азық-түлік қауіпсіздігі; ауыл шаруашылығы; субсидия; агроөнеркәсіп кешеніне инвестициялар

## АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ ЭКОНОМИКИ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА КАЗАХСТАНА И МЕРЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ

С.Б.Касымова<sup>1\*</sup>, К.С. Мустафаев<sup>1</sup>, Б.К.Исаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский университет технологии и бизнеса, г. Астана, Казахстан,

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан,  
Sanim\_81@list.ru

В настоящее время особенно важны вопросы обеспечения эффективности государственной поддержки сельского хозяйства, поскольку они напрямую влияют на состояние продовольственной безопасности страны. В Казахстане используются различные меры государственного регулирования, но их объем недостаточен для эффективного функционирования отрасли. Активно государственная поддержка способна обеспечить устойчивое социально-экономическое развитие, высокий уровень конкурентоспособности аграрного сектора. Перспективы решения возникших проблем нашли отражение в рамках среднесрочных, долгосрочных государственных программ, реализуемых в аграрной сфере республики. Проанализированы методы и формы поддержки агропромышленного комплекса на государственном уровне, на которых особое внимание уделяется государственному льготному субсидированию, кредитованию субъектов агропромышленного комплекса. По результатам научного исследования сделаны выводы о важности поддержки и

регулирования аграрного сектора страны на государственном уровне для повышения работоспособности отечественной сельскохозяйственной продукции на внутреннем, внешнем рынках на основе обеспечения безопасности пищевой продукции, инновационного развития, расширения системы предпринимательства, повышения инвестиционной привлекательности отрасли, создания благоприятной среды для финансовой устойчивости товаропроизводителей. Аграрная политика является частью экономической политики государства, поэтому государственная поддержка отрасли является важным сектором экономики.

**Ключевые слова:** агропромышленный комплекс; продовольственная безопасность; сельское хозяйство; субсидия; инвестиции в агропромышленный комплекс

## ANALYSIS OF THE CURRENT STATE OF THE ECONOMY OF THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF KAZAKHSTAN AND MEASURES OF STATE SUPPORT

S.B.Kassymova<sup>1\*</sup>, K.S. Mustafaev<sup>1</sup>, B.K. Issayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan,

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,

Sanim\_81@list.ru

Currently, the issues of ensuring the effectiveness of state support for agriculture are particularly important, since they directly affect the state of food security of the country. Kazakhstan uses various measures of state regulation, but their volume is insufficient for the effective functioning of the industry. Active state support is able to ensure sustainable socio-economic development, a high level of competitiveness of the agricultural sector. The prospects for solving the problems that have arisen have been reflected in the framework of medium-term, long-term state programs implemented in the agricultural sector of the republic. The methods and forms of support of the agro-industrial complex at the state level are analyzed, where special attention is paid to state preferential subsidies, crediting of subjects of the agro-industrial complex. According to the results of the scientific research, conclusions are drawn about the importance of supporting and regulating the agricultural sector of the country at the state level to improve the efficiency of domestic agricultural products in the domestic and foreign markets on the basis of ensuring food safety, innovative development, expanding the entrepreneurship system, increasing the investment attractiveness of the industry, creating a favorable environment for the financial stability of producers. Agrarian policy is part of the economic policy of the state, therefore state support of the industry is an important sector of the economy.

**Keywords:** agro-industrial complex; food security; agriculture; subsidy; investments in the agro-industrial complex

**Кіріспе.** Кез-келген елдің ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік реттеу экономиканың аграрлық секторына тән ерекшеліктермен анықталады. Олардың негізгілері болып мыналар табылады, біріншіден, ауыл шаруашылығы экономиканың әлсіз монополияланған саласы болып табылады. Онымен, әдетте, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, агросервистік қызмет көрсету және өңдеу, сауда құралдарын жеткізушілер түрінде монополистер өзара әрекеттеседі. Екіншіден, ауылда өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылым жеткіліксіз дамығандықтан, бұл ауыл тауар өндірушілерін басқа салалардың тауар өндірушілерімен тең емес жағдайларға қояды. Үшіншіден, жер-бастысы бұл адамның жалпы тіршілік ету ортасы болып табылады, осы қызметте маңызды әлеуметтік функцияны орын-

дайды. Төртіншіден, ауыл шаруашылығы табиғи-климаттық жағдайларға қатты тәуелді және сақтандыру және резервтік қорларды құру үшін қосымша қаражаттың болуы талап етіледі. Бесіншіден, ауыл шаруашылығы өндірістік құрылымға зиян келтірместен азық-түлікке деген сұраныстың өзгеруіне тез жауап бере алмайды.

Мемлекеттік реттеу жөніндегі шаралар кешені, әдетте, тиісті заңдарда көрініс табады, ол агроөнеркәсіптік кешендегі және азық-түлік нарығындағы нақты жағдайға байланысты пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы, экономиканың аграрлық секторының өзіндік ерекшеліктері бар сала, сонымен қатар өте маңызды айырмашылықтар бар, бұл отандық экономикаға жалпы нарықтық трансформация шеңберінде арнайы аграрлық саясатты әзірлеуді

---

талап етеді.

Біріншіден, ауылшаруашылық өндірісі биологиялық және сирек жағдайларды қоспағанда, кеңістіктік дисперсті болып табылады. Ол табиғи циклге енгізілген, ауа-райының жағдайына өте тәуелді және кеңістіктік дисперсияға байланысты өндіріс концентрациясының белгілі бір табиғи шекаралары жасалады.

Сонымен қатар, өнеркәсіптен айырмашылығы, ауылшаруашылық өндірісі өндірушінің немесе менеджердің жұмыс барысын үнемі бақылауды, стандартты емес шешімдерді үнемі қабылдауды қамтиды, бұл шешімдер орталықсыздандырудың жоғары деңгейімен өндіріс процесіне мүмкіндігінше жақын деңгейде қабылдануы керек. Бұл саланың ерекшелігі өндірушінің төлемі толығымен ол өндірген өніммен анықталады. Ауыл шаруашылығында екі экономикалық және биологиялық процестердің тоғысуы маңызды рөл атқарады: ауыл шаруашылығының репродуктивті циклі және ауыл тұрғындарының көбеюі. Сондықтан ауыл шаруашылығы қалалық өндірістен түбегейлі айырмашылықтары бар күрделі биоэкономикалық тұтастықты білдіреді.

**Материалдар мен әдістер.** Ауыл шаруашылығының ерекше сипатына жауап ретінде өндірістің элеуметтік құрылымының тиісті реакциясы болды. Барлық дамыған батыс елдерінің заманауи ауыл шаруашылығын талдау біржақты жауап береді - көп жағдайда өндірістің ең барабар түрі жоғары механикаландырылған және қарқынды отбасылық типтегі фермерлік шаруашылық болып табылады. Өндірістің осы түріне қарай соғыстан кейінгі Еуропа мен Жапониядағы аграрлық реформалар бір жағынан ескі жартылай феодалдық латифундиялардың жойылуын көрді, ал екінші жағынан шаруа қожалықтарының фермерлік шаруашылықтарға айналуына дейін болды, олардың сипаттамалары жоғары сатылым, өндірісті кешенді механикаландыру және қарқындылықтың тиісті деңгейі болып табылады [1,2]. Алайда, ауылшаруашылық өндірісінің отбасылық фермерлік түрімен экономикалық тиімділік талаптары агротехнологиялық процестің өзінен тыс көптеген функцияларды біріктіруге мәжбүр етеді,

әсіресе, атап айтқанда бұл сату, жабдықтау, агросервис, ауылдық инфрақұрылым құру және т.б. Мұның бәрі агробизнес саласында тиісті кооперативтердің, корпорациялардың және мемлекеттік қызметтердің құрылуына әкеледі. Сонымен бірге, Батыста фермерлік шаруашылықтың үстемдігі көптеген шаруа қожалықтарының-шағын ауылшаруашылық және агроөнеркәсіптік фирмалардың болуын жоққа шығармайды [3].

Екіншіден, ауылшаруашылығы өнімдеріне деген сұранысы, кез-келген жағдайда, оның көп бөлігі салыстырмалы түрде төмен икемділікке ие. Бұл дегеніміз, халықтың табысы өскен кезде азық-түліктің көп бөлігіне деген сұраныс (өнімнің жекелеген түрлерінде айырмашылықтар бар) аз дәрежеде артады, әсіресе табыстың жоғары деңгейіне жеткенде. Екінші жағынан, кірістер төмендеген кезде азық-түлікке деген сұраныс жиынтық сұраныстан азаяды. Сол сияқты, бағаның өсуімен азық-түлікке деген сұраныс бағаның өсу қарқынына тікелей пропорцияда төмендемейді, ал керісінше жағдайда бағаның төмендеуімен сұраныстың нақты өсуі болмайды. Бұл, әсіресе, нан, картоп, сүт сияқты күнделікті жаппай сұранысқа ие өнімдерге (соның ішінде халықтың аз төленетін топтарына) қатысты болады. Көбінесе ет өнімдеріне сұраныс икемді болады. Сұраныстың осындай икемсіздігіне байланысты бағалар жеткізілім көлеміне өте қатты әсер етеді және өте серпімді, негізінен күнделікті сұраныстағы тауарларға әсер етеді. Негізгі ауылшаруашылық өнімдерін жеткізудің салыстырмалы түрде аз қысқаруы жағдайында да бағаның жүздеген есе өсуі байқалады, ал халық күнделікті сұраныстың негізгі тауарларын тұтыну деңгейін ұстап тұру үшін барлық құрбандықтарға барады.

**Нәтижелер және талқылау.** Сонымен бірге, нарық белгілі бір қанығу шегінен асып кетуге жеткіліксіз, серпімді болмайды. Осының салдарынан сұранысты экономикалық қанағаттандыру шегінен асқан кезде ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның күрт және жеткіліксіз төмендеуі байқалады [4]. Соңғы жылдары Қазақстанның аграрлық секторы тұрақты даму үрдісіне ие.

Кесте 1 - Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру


Өнімдер	2019	2020	2021	Өсу (кему) темпі %
Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар , мың тонна	17428,6	20065,3	16375,9	-18,3
Бақша дақылдары, мың тонна	2382,1	2425,1	2778,6	14,5
Ет, мың тонна	1975,0	2058,5	2162,2	5,03
Сүт, мың тонна	5864,9	6051,4	6247,2	3,2
Жүн, мың тонна	39,5	40,2	41,2	2,4
Жұмыртқа, млн шт	5531,4	5065,8	4838,1	-4,4
Ескерту - Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрастырылған [5]				

2021 жылы дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар 2020 жылмен салыстырғанда 18,3 пайызға төмендеген. Бақша дақылдары 14,5 пайызға, ет өндіру 5,03 пайызға, сүт өнімдері 3,2 пайызға, жүн 2,4 пайызға артқан. Керісінше, жұмыртқа өндіру 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 4,4 пайызға төмендеген.

Кесте 2 - Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың саны мың бас

Жануарлардың түрлері	2019	2020	2021	Өсу (кему) темпі %
Ірі қара мал	7436,4	7850,0	8192,4	4,3
Сиырлар	3769,8	4008,3	4235,6	5,6
Қой мен ешкі	19155,7	20057,6	20876,8	4,08
Жылқы	2852,3	3139,8	3489,8	11,14
Құстар, млн бас	45,0	43,3	47,9	10,6
Түйе	216,4	227,7	243,4	6,8
Шошқа	813,3	816,7	776,1	-4,9
Ескерту - Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрастырылған [5]				

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың саны 2021 жылы талдайтын болсақ, ірі қара мал 4,3 пайызға артқан, қой мен ешкі 4,08 пайызға, жылқы 11,14 пайызға, құстар 10,6 пайызға артқан.




Сурет 1 - Республиканың ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымындағы өңірлердің үлесі, республикалық көлемге пайызбен

1 сурет бойынша қарасақ, республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымындағы өңірлердің үлесі бойынша жоғарғы үлесті 2021 жылы Солтүстік Қазақстан облысы 12 пайыз, Шығыс Қазақстан облысы 11,7 пайыз, Түркістан облысы 12,4 пайыз, Алматы облысы 14,5 пайыз және Ақмола облысы 9,9 пайызды құрап отыр.

Осындай жетістіктерге Қазақстан Республикасы-

ның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы бойынша тиімді іске асырудың нәтижесінде қол жеткізілді. Бұл жобаның мақсаты-еңбек өнімділігін екі жарым есеге ұлғайту, агроөнеркәсіптік кешен өнімінің экспорттың екі есеге ұлғайту және отандық өндірісті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді құру болып табылады.



Сурет 2 - 2021 жылы өңірлер бойынша республиканың өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының құрылымы, республикалық көлемге пайызбен

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2021 жылы 2,4% - ға төмендеп, 7,4 трлн теңгені құрады. Азаудың басты себебі өткен жылғы құрғақшылық болып табылады, соның әсерінен өсімдік шаруашылығын өнімінің өндіру көлемі 6,7%-ға (4,2 трлн теңгеге) қысқарды, сонымен қатар мал шаруашылығы бойынша 3,6%-ға (3,1 трлн теңге) өсімге қол жеткізілді. Осы кезеңде азық-түлік өндірісі 1,9%-ға өсіп, 2,2 трлн теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы бойынша негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі артуда. Мысалы, негізгі капиталға салынған инвестициялар ауыл шаруашылығы бойынша көлемі 33,3%-ға артты, ақшалай түрде 773,2 млрд теңгені құрады, ал азық-түлік өнімін өндіру 3,1% - ға көбейіп, ақшалай сомада 114,4 млрд теңгені құрап отыр.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша бір жұмыспен қамтылғандарға еңбек өнімділігі 2021 жыл бойынша 2153,5 мың теңгені құрады (2020 жылы

1823,5 мың теңгені құраған).

Өткен жылы ауыл шаруашылығының барлық дақылдары бойынша егін алқабының көлемі 22,9 млн. га құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 343,3 мың гектарға көбейген. Оның ішінде, дәнді-бұршақ дақылдары - 16,0 млн. гектарды құрады. Оның ішінде бидай-12,9 млн. га (2020 жылмен салыстырғанда 749,9 мың. гектарға артық), майлы дақылдар 3,1 млн. гектар (2020 жылмен салыстырғанда 197,3 мың. га артық), жем-шөптер-3,1 млн. гектарды, мақта өнімдері -109,9 мың. га (2020 жылы 16,0 мың гектарға аз), күріш-96,8 мың гектар, қант қызылшасы-21,7 мың. гектар, картоп-195,8 мың. гектар және көкөніс дақылдары-168,6 мың. гектарды құрап отыр.

Қазақстан Республикасының ұлттық статистика бюросының ақпараттары бойынша 2021 жылы егістік алқаптарының құрылымын әртүрлендіру бойынша меморандумдардың индикативтік мәлімт-

тері бойынша республикада ауыл шаруашылығының дақылдарының жалпыланған егістік алаңы (меморандумдар көрсеткіштерінен 831,9 мың гектарға көбейген), астық, дәнді бұршақ дақылдары (2,0 млн га), майлы (143,0 мың га артық), көкөніс (8,6 мың га артық) және бақша (10,6 мың га артық) дақылдары жоспарланған мақсатқа қол жеткізілді. Соның ішінде, картоп өнімдерінің бойынша 6,7 мың гектар және жемшөп дақылдары бойынша - 1,3 млн. гектар жоспарланған индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ [6].

Сонымен қатар, бидай өсіру алаңы жоспарланған меморандум көрсеткішіне қарсы 2,8 млн га-ға асып түсті, күріш егу алаңы 11,5 мың гектарға көбейді, ал мақта алқабы меморандум бойынша индикативтік көрсеткіші деңгейін құрап отыр.

Талданып отырған 2021 жылы 8,3 ц/гектар бойынша өнімділікте майлы дақылдар 2,4 млн. тоннаны, қант қызылшасы 332,2 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 134,2 мың тоннаға аз. Сонымен қатар, 290,4 мың тонна мақта жиналды. Күріш көрсеткіші 503,8 мың тоннаны құрады. 4,5 млн тонна көкөніс және 4,5 млн тонна бақша дақылдары жиналды. Облыс және ауыл басқармасының мәліметтері бойынша 2022 жылы ауыл шаруашылығына арналған егіс алқабы 22,9 млн гектардан асады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 13,5 мың гектарға артық екенін талдауда көрсетіп отыр.

2021 жылдың мәліметтері бойынша инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асыруға 104,4 млрд теңге жоспарланған, орындалуы 104,3 млрд теңгені құрады, бұның өзі агроөнеркәсіп кешенінің 24189 инвестициялық жобаны субсидиялауға, сонымен қатар 20183 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді.

Агроөнеркәсіп кешенінің инвестициялық субсидиялаумен 34 басым бағыты қамтылған болатын. Инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асырудың жыл сайынғы көрсетілген тәжірибесі көрсеткендей бюджет қаражатының басымды негізгі көлемі орта есеппен 50% ауыл шаруашылығының техникасы паркін жаңартуға тиесілі екенін көрсетіп отыр.

Бюджет қаражатының басымды негізгі көлемі 67,7 млрд теңгеден астам немесе 65% ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялауға жұмсалды. 2019-2021 жылдары сатып алынған техника субсидиялаумен қамтылды.

Шамамен инвестициялық жобаларды субсидиялауға 13,3 млрд теңге бағытталды, өсімдік шаруашылығы саласындағы жобаларды қолдауға 23 млрд теңге

бағытталды [7].

2022 жылға инвестициялық субсидиялау бағдарламасын жүзеге асыру үшін 72,1 млрд теңге қарастырылған болатын. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын жүзеге асыруға 2021 жылы 52,4 млрд теңге бөлінді.

Субсидиялаудың «Qoldau.kz» ақпараттық жүйесінің деректері негізінде бағдарламаны жүзеге асыру есебінен 2021 жылы ауыл шаруашылығы саласына 370 млрд теңгеден астам несие қаражаты тартылды. Ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға 43,2 млрд теңге бөлінді.

Бағдарламаны іске асыруда кепілдік бергені үшін комиссия сомасы 381972 мың теңге мөлшерінде жоспарланған болатын. Келесі жобалар бойынша өсімдік шаруашылығы саласында 1277496 мың теңге сомасына 6 жоба бойынша кепілдіктер берілді (кепілдік сомасы):

- 1) «Ер-дала» ЖШС (Ақмола), несие 404 млн теңгені құрайды;
- 2) «Шаңырақ Р» ЖШС (Ақмола) бойынша несие сомасы 1400 млн теңге құрайды;
- 3) «Агроөндіріс» ЖШС (Павлодар) бойынша несие мөлшері 64 млн теңге құрайды;
- 4) «Ақсай» ЖШС (Қостанай) бойынша несие сомасы 411 млн теңге құрайды;
- 5) «Колос Фирма» ЖШС (Қостанай), несие 100 млн теңге;
- 6) «Көкшетау Астық Инвест ЛТД» ЖШС (Ақмола) бойынша несие сомасы 180 млн теңгені құрайды.

Бұл бағдарламаны 2021 жылы іске асыруға агроөнеркәсіп кешені саласында шамамен 2,5 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыруды тартуға мүмкіндік беріп отыр.

2022 жылы республикалық бюджетте осы мақсаттарға 3 млрд теңге жоспарланған болатын, бұл кепілдіктің орташа мөлшері 50% болғанда ЕДБ-ға 20 млрд теңгеге дейінгі сомаға қарыз беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Талданып отырған жылы агроөнеркәсіп кешенді сақтандыруды дамытуға 1024,5 млн теңге мөлшерінде қаражат бөлінген болатын.

Біздің еліміздегі агроөнеркәсіптік саланы қолдау барысында қазіргі уақытта осындай міндеттер маңызды болып табылады:

---

- мемлекеттік аграрлық саясаттың басты бағыты ретінде ауылдар, кенттер, тұтастай алғанда ауылдық аймақтар тұрғындарының өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру;

- басты міндет ауыл халқын жұмыспен қамтамасыз етуді мемлекеттік қолдау және ауылдық аймақтарда тиімді жұмыспен қамтуды дамыту және ынталандыру, аграрлық секторында еңбек ресурстарының нәтижелі жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

- аграрлық өндірістің импортты алмастыратын түрлеріне қолдау жасау, өнімді экспортқа шығаратын ауыл шаруашылығы секторларында, сондай-ақ яғни экспортқа бағдарланған өндірістерге күш-жігерді шоғырландыру;

- ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кешенінің барлық деңгейде жүйелі түрде мемлекеттік қолдау үшін одан әрі шаралар қолдану [8].

Қазіргі уақытта Қазақстанның стратегиялық және дамушы салаларының бірі агроөнеркәсіптік кешен ұлттық экономиканың маңызды саласы болып табылады. Мемлекет аграрлық секторда қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығында тауар өндірушілерді қолдау, ауыл шаруашылығы саласында өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, аграрлық субъектілердің қаржылық жағдайын жақсарту, сондай-ақ жер қатынастарын дамыту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік саласын жақсарту үшін барлық қажетті қадамдарды жасауда [9].

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларына сәйкес және 2021 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында Ауыл шаруашылығы министрлігінде бірнеше нақты шаралар қабылдады.

2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жобада айқындалған міндеттерді бекіту және іске асыру басталды:

- ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыру көзделген;

- отандық өндірістің азық-түлік тауарларының негізгі түрлері бойынша елдің өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізу;

- агроөнеркәсіп кешенінде өнім түрлері бойынша экспорттын 2 есеге ұлғайту көзделген, онда өңделген өнімнің үлесін 70%-ға дейін жеткізу міндеті қойылған;

- жеті ірі экожүйені қалыптастырып дамыту, сонымен қатар инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен 1 млн ауыл тұрғынының табысын тұрақты арттыру міндеті қойылған.

Осы жоспарланған мақсаттарды қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруды, жер қатынастарын дамытуды, саланы цифрландыруды, аграрлық білім мен ғылымды жетілдіруді, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін шаралар кешені іске асырылатын болады, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешені өнімінің импортын алмастыру және экспорттын дамыту бойынша 4,1 трлн теңге сомасына кемінде 582 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдады, ол қазіргі кездегі ахуалды, ауыл шаруашылығы саласы бойынша мәселелерді талдауды, халықаралық тәжірибеге шолуды қамтиды, саланы дамытудың 10 жылға арналған үрдістері мен пайымын айқындайды.

2025 жылға дейінгі арналған тұжырымдамада елдің ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттері айқындалған, БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы жаһандық сын-қатерлер және әлемдік трендтер, алдыңғы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру қорытындылары пайымдалған.

Сонымен қатар, құрғақшылықтан зардап шеккен фермерлерді қолдау жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылу шаралары айқындалған. Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан жергілікті атқарушы органдардың жемшөп дайындау мәселелері жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру жөніндегі республикалық жедел штаб құрылды. Осындай штабтар барлық салаларда құрылды. Осы штабтардың басшылығымен келесі мәселелер шешілді:

1) құрғақшылықтан зардап шеккен өңірлердің фермерлері үшін шабындық ұйымдастыру бойынша өңіраралық өзара іс-қимыл ұйымдастырылған, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдар беру шаралары шешілген.

2) құрғақшылықтан барынша зардап шеккен Маңғыстау және Қызылорда облыстары үшін Үкімет резервінен тиісінше 1,2 және 1,7 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

3) 13,6 млрд теңге сомасына жергілікті бюджеттерден жем сатып алу құнын арзандатуға қаражат бөлінді.

4) құрғақшылықтан зардап шеккен фермерлердің кредиттерін ұзарту жүзеге асырылды.

5) темір жол көлігімен жемшөп тасымалдауға жеңілдікті тарифтер белгіленді, жеңілдікті тариф нарықтық тарифтен 77 пайызға төмен.

6) 43,1 мың тонна қосымша өнімдерге жем дайындау мақсатына арзандатылған дизель отыны бөлінді.

7) өңірлер арасында жемшөп дайындау мәселелерінде өзара көмек көрсету туралы меморандумдар жасалып бекітілді, зардап шеккен өңірлер үшін көршілес облыстарда шабындық алқаптар бөлінді, жемшөпті жергілікті жерлерге жеткізу жөніндегі операторлар айқындалды. Сонымен қатар, жалпы алғанда ауданы 210 мың гектардан асатын табиғи резерваттар аумақтарында жемдер дайындауға рұқсат берілді.

8) егін жинау барысында еліміздің астық егетін өңірлерінде сабан дайындау ұйымдастырылды.

9) жеке қосалқы шаруашылықтарды мал азығымен қамтамасыз ету мақсатында шаруашылықтарды азықпен қамтамасыз етілмеген ұйымдасқан шаруашылықтарға бекіту жүзеге асырылды.

Бұл қабылданған шаралар зардап шеккен аймақтардағы жемшөппен қамтамасыз етудің бастапқы жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Жол картасы шеңберінде азық-түлікпен қамтамасыз етудің мәселелерін шешу және ауа райы факторларының ауыл шаруашылығы өндірісіне теріс әсерін нивелирлеу мақсатында ауыл шаруашылығында нақты эртаптаңдыруды қамтамасыз ету көзделіп айқындалды. Ол үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында кең түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сонымен бірге заманауи цифрлық технологияларды, ғарыштық мониторингті, жерді қашықтықтан зондтауды пайдалана отырып, жалдау шарттары шеңберінде қабылданған міндеттемелерді орындау бойынша жер пайдаланушылардың қызметін бақылау тетіктері, эртаптаңдыру процесін мемлекеттік реттеу шаралары әзірлену жоспарлары жасалуда.

Соның нәтижесінде жемшөп дақылдарын өсіру алаңы ғылыми негізделген нормаларға жеткізілетін болады.

Бұдан басқа, жайылымдарды тиімді пайдалану үшін, оларды бақылаудың жаңа әдістерінің мүмкіндіктері және тиісті мемлекеттік қолдау шаралары барынша пайдаланылатын болады.

Сондай-ақ, жайылымдардың өнімділігін түбегейлі және үстірт жақсарту жолымен арттырудың, олар-

ды суландырудың неғұрлым тиімді моделін қолдана отырып, айналымға жаңа жайылымдық жерлерді тартудың жаңа тәсілдері әзірленіп, енгізілетін болады.

Көкөніс қоймаларын салу және жаңғырту жөніндегі кешенді жоспар қабылданды, онда жеміс-көкөніс өнімдерінің сақталуын қамтамасыз ететін болады. Ол әрбір өңір бойынша сақтау объектілерін салу жөніндегі жоспарларды, көкөніс қоймаларын салу кезінде шығындарды өтеу үлесін ұлғайтуды және басқаларды көздейді.

Сонымен бірге, Жамбыл облысында ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі пилоттық жобаны масштабтау жөніндегі тапсырма бойынша 2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында ауыл халқына шағын несие беру бойынша, соның ішінде ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау жөнінде түрлі іс-шара көзделіп, пайымдалды. Бұл мақсаттар арнайы Ұлттық жобадан 2023 жылдан бастап жыл сайын 30 млрд теңгеден және 7,5 мың микрокредит беру жоспарымен көзделген.

Ауыл шаруашылығы саланы мемлекеттік қолдау жүйесін түзету жөнінде ұсыныстар дайындалып, олар, ең алдымен, оның тетіктерін оңайлатуға және бағыттарын оңтайландыруға, шаруашылық жүргізудің мөлшері мен нысандарына қарамастан барлық субъектілер үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағыттالاتын болады. Сондай-ақ, субсидия алушылар үшін нақты индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша қарсы міндеттемелерді міндетті түрде қабылдайтын норма енгізіледі.

Субсидиялаудың жаңа жүйесінің басты жаңалықтарының бірі оны цифрлық форматқа көшіру болады. Қазіргі уақытта субсидиялардың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін әзірлеу аяқталуда. Оның негізгі функционалы автоматты режимде субсидия алушылардың тізілімін қалыптастыру болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге «Кең дала» бағдарламасы арқылы жеңілдікпен несие беруге 70 млрд теңге бөлінген болатын, ал азық-түлік корпорациясының форвардтық сатып алу бағдарламасы арқылы 80 млрд теңге жіберілді, бұл өткен жылдың деңгейінен 2 есе артық.

Қазақстанның 2050 ж. дейінгі стратегиялық даму басымдықтарына сай, аграрлық салағы интенсификация технологияларды ендіру, кешенді қайта жарақтандыру байланысты үлкен міндеттер жүктелуде. Бү-



---

гінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы әртүрлі салалық және жалпы мемлекеттік даму бағдарламалары аясында ынталандыру механизмдерімен қолдау тапқан [10].

**Қорытындылар.** Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсанда қаулымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Агроөнеркәсіп кешенді дамыту тұжырымдамасы ағымдағы ахуалды, сала проблемаларын талдауды, халықаралық тәжірибеге шолуды, саланы дамытудың үрдістерін және пайымын қамтиды, саланы дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, күтілетін нәтижелерді, сонымен бірге тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын айқындайды.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасы мынадай шараларға бағытталған:

- саланы мемлекеттік қолдау шаралары бойынша тиімділікті көтеру;
  - азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
  - фитосанитария, ветеринария бойынша қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету;
  - жерге деген және оның ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
  - қаржылық құралдарын жетілдіруді қамтамасыз ету;
  - экспорттық саладағы әлеуетті дамыту.
- Тұжырымдаманың басты принциптері:
- тенгерімділік негіздегі тұрақты даму: өндірістің тиімділігі, табиғи ресурстарды сақтай отырып, адам капиталды дамыту;
  - сала бойынша тәуекелдерді есепке алуға көңіл

бөлу, агрополитиканың тұрақтылығын және сабақтастығын қамтамасыз ету, саланы қолдаудың жиынтық әсерін бағалау;

- инклюзивтілік қағидаты: мемлекет ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мөлшері мен ұйымдық нысанына қарамастан нарықтың теңдей құқылы қатысушылары болуы үшін тиісті жағдайлар жасайды, қолдайды;

- нарық қатысушыларына әмбебап жағдайлар жасау;

- ауыл шаруашылығы үшін жаңа білімдегі қолжетімділік;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және цифрландыру мен сапаны бақылау негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету тетіктерін жетілдіру.

Жалпы тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде он жыл ішінде жоспарлануда:

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін 80 пайызға жеткізу;

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 3 есеге арттыру жоспарлануда;

- ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 3 есеге арттыру жоспарланып отыр;

- агроөнеркәсіп кешеніне инвестициялар ағынын 4 есеге арттыру;

- ауыл, орман және балық шаруашылығындағы бақыланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесін - ЖІӨ-де 0,5% - ға дейін төмендету.

Жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өнімін алу үшін кешенді механикаландыруды енгізуге және шығындарды азайтуға және олардың өтелуін арттыруға мүмкіндік беретін орта және ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарын қалыптастыру. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру үшін қаржыландыру тетігін әзірлеу қажет.

## Әдебиеттер

1. Андреев, Г.И. Основы управления предприятием. В 3-х т. Т.3. Экономические механизмы управления предприятием: Учебное пособие / Г.И. Андреев. - М.: Финансы и статистика.- 2008. - 368 с.
2. Муравьева, М.В. Аграрлық саясат: оқу құралы / М.В. Муравьева. - Саратов: ООО «Центр социальных агроинноваций СГАУ».- 2017. - 85 с.
3. Долгов, В.С. Экономика сельского хозяйства: учебник для вузов / В.С. Долгов. - Санкт-Петербург: Лань.- 2019.- 124 с.
4. Джусибалиева, А.К. Механизмы государственной поддержки аграрного сектора в Казахстане // А.К.Джусибалиева, Б.Муталипқызы, С.Т.Окутаева // Экономика и статистика. -2017. - № 1. - с. 67-77.
5. Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің көрсеткіштері <https://stat.gov.kz>

6. «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған болжамы» // Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсы.- [Электрондық ресурс] -2020.- <https://www.gov.kz>(қаралған күні: 13.10.2023).
7. Итоги развития сферы сельского хозяйства за 2021 год и планы на предстоящий период.- <https://primeminister.kz>
8. Байкадамов Н.Т., Жакупова Б.А., Кельбетова С.Ж. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік қолдау шаралары. -Аграрлық нарық проблемалары. -2020.- № 3 - стр.51-59. <https://doi.org/10.46666/2020.2708-9991.06>
9. Джусибалиева, А.К. Food industry of Kazakhstan in the EAEU // А.К. Джусибалиева, Г.И. Ахметова, Ж. Атанязов // Problems of AgriMarket. - 2019. - № 4.- pp. 134-141.
10. Акимбекова Г.У., Аюлов А.М., Егизбаева Г.К. Кооперирование малых форм хозяйствования в АПК РК // Проблемы агрорынка. - 2015. - № 2. - с. 79.

### References

1. Andreev, G.I. Osnovy upravlenija predprijatiem. V 3-h t. T.3. Jekonomicheskie mehanizmy upravlenija predprijatiem: Uchebnoe posobie / G.I. Andreev. - М.: Finansy i statistika.- 2008. - 368 s.
2. Murav'eva, M.V. Agrarлық sajasat: оқу құралы / M.V. Murav'eva. - Saratov: ООО «Centr social'nyh agroinnovacij SGAU».- 2017. - 85 s.
3. Dolgov, V.S. Jekonomika sel'skogo hozjajstva: uchebnik dlja vuzov / V.S. Dolgov.- Sankt-Peterburg: Lan'.- 2019. -124 s.
4. Dzhusibalieva, A.K. Mehanizmy gosudarstvennoj podderzhki agrarnogo sektora v Kazahstane // A.K.Dzhusibalieva, B.Mutalipkyzy, S.T.Okutaeva // Jekonomika i statistika. - 2017. - № 1. - str. 67-77.
5. Ұлттық статистика бжросы. Қазақстан Республикасы Стратегижалық zhosparlau zhөne reformalar agenttiginin көрсеткіштері.- <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish>.
6. «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 zhyldarға арналған bolzhamy» // Қазақстан Республикасы Ұлттық jekonomika ministrліginiң resmi internet-resursy.- [Jelektrondық resurs] -2020.- <https://www.gov.kz> (қаралған күні: 13.10.2023).
7. Itogi razvitiya sfery sel'skogo hozjajstva za 2021 god i plany na predstojashhij period.- <https://primeminister.kz>
8. Bajkadamov N.T., Zhakupova B.A., Kel'betova S.Zh. Қазақстан Respublikasynың agroөnerkәсіptik өndirisin memlekettik қoldau sharalary. -Agrarлық naryқ problemalary. -2020.- № 3 - str.51-59.- <https://doi.org>
9. Dzhusibalieva, A.K. Food industry of Kazakhstan in the EAEU // A.K. Dzhusibalieva, G.I. Ahmetova, Zh. Atanijazov // Problems of AgriMarket. - 2019. - № 4.- pp.- 134-141.
10. Akimbekova G.U., Ajulov A.M., Egizbaeva G.K. Kooperirovanie malyh form hozjajstvovaniya v APK RK // Problemy agrorynka. - 2015. - № 2. - s. 79.

#### *Сведения об авторах*

Касымова С.Б. - Магистр, старший преподаватель, Казахский университет технологии и бизнеса, e-mail: [Sanim\\_81@list.ru](mailto:Sanim_81@list.ru);

Мустафаев К.С. - к.э.н., ассоц профессор, Казахский университет технологии и бизнеса, e-mail: [astana\\_kzo@mail.ru](mailto:astana_kzo@mail.ru);

Исаева Бибигуль Кунтугановна - доктор PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, e-mail: [b.isayeva\\_78@mail.ru](mailto:b.isayeva_78@mail.ru);

#### *Information about the author*

Kassymova S.B. - Master's Degree, Senior Lecturer, Kazakh University of Technology and Business, e-mail: [Sanim\\_81@list.ru](mailto:Sanim_81@list.ru);

---

Mustafayev K.S. - Candidate of Economics, Assoc Professor, Kazakh University of Technology and Business,  
e-mail: astana\_kzo@mail.ru;

Issayeva B.K. - PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail:b.isayeva\_78@mail.ru;